

bilimger.kz

Республикалық білім және ғылым порталы
<https://bilimger.kz>
ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Күәлік нөмірі:
KZ45VPY00102718

2020

БӨЛІМ: ТӘРБИЕ САҒАТЫ**ДІН ЖӘНЕ ТЕРОРИЗМ****ЖАРИЯЛАНДЫ**
26.01.2020**СІЛТЕМЕ**
<https://bilimger.kz/67566/>

Орынбаева Сауле

№ 16 КОЛЛЕДЖ МКҚК

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

«БЕКІТЕМІН»

Директордың ТЖЖО

_____ Г.Шертаева

« ____ » _____ 20 ____ ж.

ТӘРБИЕ САФАТЫ

ДІН ЖӘНЕ ТЕРОРИЗМ

ТС-ТБ-ЕТ-19/07

Данасы: _____

Енгізілген мерзімі: _____

Пайдалану мерзімі: _____

Қызмет бабында пайдаланылатын басылым

Шардара

АЛҒЫ СӨЗ

1 Әзірлегендер: ЕТ-19 топ жетекшісі.....С.
Орынбаева

2 Бірінші рет енгізілді

Осы тәрбие сағатын №16 колледждің рұқсатынсыз толық немесе жартылай қайталауға, көбейтуге және таратуға болмайды

МАЗМҰНЫ

1	
Мақсаты.....	
.....4	
2	
Көрнекілігі.....	
.....4	
3	Сабақтың
түрі.....	4
4	Сабақтың
барысы.....	4
4.1	Кіріспе
сөз.....	4
4.2	Ой
қозғау.....	
...4	
4.3	
Баяндау.....	
.....5	
5	

Қорытынды.....
.....8

6 Пайданылған
әдебиеттер.....8

1 МАҚСАТЫ

Білім алушылардың салауаттарын кеңейту, дене жеке бас гигиенасы өмір туралы ұғымын сақтау және жаман қылықтардан бойларын аулақ ұстауға тәрбиелеу.

2 КӨРНЕКІЛІГІ

Білім алушылардың салған суреттері, кітап көрмесі, ұлы адамдардың қанатты сөздері жазылған плакаттар.

3 САБАҚ ТҮРІ

Пікіралмасу

4 САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ

4.1 Кіріспе сөз

Ислам деген сөздің өзі араб тіліндегі «силм» – бейбітшілік, тыныштық, берілу деген сөзден, жә, мұсылман деген мағнаны білдіретұғын «мұслим» сөзі – бейбітшілікке берілген, тәсілім болған һәм оны сақтаушы деген мағынадан шыққан. Демек, фундаменталист секілді дөрекі де кертартпа сөздер мұсылмандыққа әсте жараспайтынын, әлбетте, оңайлықпен аңдауға болады. Мұсылмандар амандасқанда-ақ «Әссаламуәлайкүм!» яғни «Саған бейбітшілік болғай!» деп, біріне-бірі татулық, тыныштық тілейді ғой. Ал, хақ дін Исламның пайғамбары Әз Мұхаммед Ғалайһиссалам бір хадисінде «хайрұн нас, ман йанфағұн нас!», яғни «адамзаттың ең жақсысы, ең хайырлысы, адамзатқа ең пайдалысы!» деген. Пайғамбарымыз тағы да бір сөзінде «әс-салату ғимад-ұд-дин», яғни «дұға діннің діңгегі, негізі!» деген. Ислам ұғымындағы бейбітшілік Аллаһ Тағаланың ризалығына ие болумен, яғни, жақсы ғамалдар істеумен ғана пайда болады. Он төрт ғасырлық тарихында ғылымның, мәдениеттің, әдебиеттің ең озық және пайдалы үлгілерін мұралатқан хақ дін Исламға және мұсылмандар хақында батыс өлшемдеріндегі атаулардың мағыналары мен шығу тегіне мән берілместен қолданылуы, бұл ғажайып байлық пен пәктікті жете түсінбегендіктің салдарынан дер едім!

4.2 Ой қозғау

Парламент қабырғасында кезекті мәрте діни саланы реттейтін заңнаманы қатайту туралы пікірталас қызып тұр. Діни сенім мен діни бірлестіктер туралы жаңа заңнан не өзгеріс күтесіз? Бет бағыты қандай болуы керек деп ойлайсыз?

– Жаңа заңнамамен таныспадым. Бірақ осыдан екі-үш жыл бұрын әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде депутаттар, діни ұйымдардың өкілдері қатысқан жиында осы мәселе турасында ащылау, қаттырақ сөйлегенмін. Елімізге қаптаған миссионерді кім шақырды? Қайдан не мақсатпен келді? Жиында алдымен осы мәселені шешетін, жөнге салатын заң керек дегенмін. Дін туралы өлі заң шығарған тиісті органдар кінәлі. «Есігіміз ашық» деп, бас қосқан бес-алты миссионердің ұйымын тіркей берді. Мемлекетімізде 48 діни конфессия пайда болды. Олардың мақсатын, пиғылын танып, зерттемеді. Бұрын біздегі жат діни ағымдарға жыл сайын астыртын 12-13 млрд доллар құйылып отырса, биыл 15 млрд долларға көтерілді. Қайдан келіп жатқан тегін ақша, ойланбай ма? Сырттан енген 48 діни конфессия қазақтардың арасынан өздерінің кадрларын мықтап, даярлап алған. Қазір істі жүргізіп жатқандар – сол дінге іш бұратындар.

Бір жаманы, қазақтың мықты деген интеллигенциясы – жазушы, ғалым, өнерпаздары

сатылды. Ахмет Байтұрсынұлы: «Дінін шаншып істікке, Әркім бір жем іздеп жүр», – деген заман туды. Мысалы, бүгіндегі барлық бүлікті салушы – ваххабиттердің басында кім тұр? Атын атамай-ақ қояйын, ол – өзі депутат, әрі өнердің шыңына шыққан азамат. Ол ваххабиттердің дүниетанымына қызыққан жоқ, оны ақшаның буы алып кетті. Ал Досым Омаров дегеннің Абайды кришнаиттық таным тұрғысынан зерттеген докторлығына қарсы тұрып, қорғатпай тастадық. Кришнаиттардың отымен кіріп, күлімен шығып жүрген ол қаншама қаракөзді бүлдіріп үлгерді. Ең сорақысы, оған ғылыми жетекшілік етіп, тақырыбын бекітіп берген – Философия институтының директоры. Одан кейін жаңа пайғамбар жасаушы ахмадия деген ағым бар. Орталығы, басшысы – Семейде. Қайдан екені белгісіз, қыруар қаржын құйылып жатыр.. Бұлар – «дінін істікке шаншып, жем іздеп жүргендер», дінді бизнеске айналдырғандар деп түсінемін.

Діни сенім мен діни бірлестіктер туралы заң ұлттық қауіпсіздігімізді, мәдениетімізді, бірлігімізді сақтайтын заң болса, дін мәселесі өз сабасына түседі. Мемлекетімізде ислам мен православие дініне заңдық басымдық беру керек. Ал шетелден ақша алып, ел арасында алауыздық тудырып жатқандарды не үшін тайраңдатамыз?!

4.3 Баяндау

Исламиятта фундаментализм, экстремизм, терроризм деген нәрселер жоқ. Бұл Исламияттың өзегіне сәйкес келмейді, өйткені, Ислам дегеннің өзі бейбітшілік, тыныштық деген сөз. Исламның басты мұраты адамдар арасында бейбітшіліктің болғаны. Сондықтан, экстремист, террорист деп аталған топтардан діннен басқа себептерді, мақсаттарды іздеу керек. Олардың саяси, экономикалық, әскери т.т. мақсаттары, ойлары болғанын тексеру керек. Екінші мәселе, сондай саяси-экономикалық топтар туралы айтқанда не жазғанда міндетті түрде «Исламдық террористер» деген тіркеуді қосатындардың ойы бөтен. Егер, олардың мақсаты терроризмді, экстремизмді қаралау болса, онда тек террористтерді немесе экстремистерді айыптар еді олар, Ислам сықылды бәшерият (күллі адамзат) жаралғалы бері жеткен ең жоғары өркениет дәрежесіне, ең таза имандылыққа тіл тигізбес еді олар.

Террорист ұйымның мүшесі қандай бір мұсылман елдің азаматы болса болғаны, әлгі бұлақтар дереу «мұсылман террористтер» дей салады. Ал, басқа діндегі террорист топтар туралы болғанда, олардың діні айтылмайды да басшысының ғана аты немесе шыққан жерінің аты, ең болмағанда саяси көзқарасы ғана айтылады. Мәселен, Испаниядағы «ЭТА-БАСК» тобы туралы ешқашанда «Христиан террорист Баск тобы» деп айтпайды олар. Солтүстік Ирландиядағы «ИРА» ұйымы туралы «христиан/католик террористік ұйымы ИРА» деп ешкім айтқан емес! Токиодағы метрода улы газ шашып көптеген адамдардың өлуіне себеп болған Жапониядағы буддист «Аум Синрике» сектасы туралы «Буддист террористтер» деп ешкім айтқан емес. Сондықтан, мұның негізінде Исламды көре алмаушылық және Исламды жағымсыз етіп көрсету секілді

жауыз пиғылдар болғанын айта кетуіміз керек.

Нағыз экстремистік топтардың тауқыметін батыс елдері көруде. Соңғы жылдары АБД, Еуропа елдерінде саңырау құлақша қаптап кеткен христиан фундаменталист ұйымдары мен түрлі-түрлі секталар салдарынан мыңдаған адамдар аянышты халде қаза тапты. Мәселен, АБД-нің Калифорния уиалаятындағы (штатт) Сан Диего қаласында «Ұлық бұлақ» деп аталған сектаның 39 мүшесі 26 наурыз 1997 күні өздерін улап өлтірген. 1978 жылдың 18 қарашасында Оңтүстік Америкадағы Гуяна мемлекетінің Джеймстаун (Jamestown) қаласында «Халықтың храмы» деген сектаның 912 мүшесі циан газымен өз-өзін өлтірген. Фырансаның Сен Пиер қаласындағы «Күн храмы» сектасының 16 мүшесі 23 желтоқсан (1995 жылы) күні өз-өздерін өртеп өлген. Осы сектаның Швейцарияның екі қаласындағы мансұбтары (мүшелері) 5 қазан күні (1994 жылы) өздерін өртеп өлді. Күн храмы сектасының Канададағы белсенділері де тыныш тұрған жоқ: шығыс аймақтағы Морин төбесі деп аталатын мекендегі 5 адам 4 қазан күні (1994 жылы), ал, Сен Касмирдегі 5 адам болса 23 наурыз күні (1997 жылы) өздерін атып не өртеп өлтірген. Американың Тексас уәлаятындағы Вако қалашығындағы «Давидиан» сектасына мүше 80 адамның 19 сәуір (1993 жылы) өздерін өртеп өлтіргені әлем жұртшылығының әлі де есінде. Филипиндегі рұһбан (монах) Дату Мангайаның сектасының акциясында 19 қыркүйек (1985 жылы) күні 60 адам өзін улы газбен өлтірген [1]. Жуықта, Орталық Африкадағы бір мемлекетте католик шіркеуінің бірнеше мың мүшесі бірге жан қию рәсімін жасағаны есімізде. Мұның бәрі де адастырушылардың ісі, бейкүнә адамдарды жалған уағдалармен алдаушылық. Жалпы ел болып, осындай қауіпті секталардан сақ болуымыз, балаларымызға лайықты дәрежеде көңіл бөліп, кесірлі ағымдардың қыянаттығынан сақтауымыз керек.

Соңғы кездері баспасөз беттерінде, теледидар хабарлары мен әуе толқынындағы таралымдарда бізге орыс тілі арқалы енген «фундаментализм» (іргешілдік) сөзін жиі кездестіріп жүрміз. Осы мағлұматтарда фундаментализм сөзі көбінесе мұсылмандық һәм осы дінге сенуші халықтарға тән мағыналарда ғана қолданылады! Осы даурықпа хабарлар «исламдық фундаменталисттер», «мұсылман фундаменталисттер» немесе «мұсылмандардың заңнан тыс қауіпті ұйымдары мен зиянды іс-әрекеттері» деп жырлайды. Бұл терминді, шын мағынасын білетін адамдар да білмейтін адамдарша кез келген жерде қолданып, әйтеуір, шулата береді. Ал, ғылыми тұрғыдан екшеп, аталмыш терминнің сөздік һәм энциклопедиялық мағыналары мен діни-саяси әдебиеттерде пайда болу барысына қарағанымызда, фундаментализм деген сөздің хақ дін Исламмен және осы хақ дінге сенуші имандылармен үш қайнаса сорпасы қосылмайтынын анықтаймыз. Ең алдымен, мұсылмандарға пәле болып жабысқан осы фундаментализмнің сөздік һәм энциклопедиялық мағыналарын түсініп алғанымыз жөн. Бұл сөздің түбірі, көне латын тіліндегі fundare (фундаре) деген етістік. Фундаре – жерге төсеу деген мағынаны білдіреді. Осы етістіктен fundamentum (фундаментум) зат есімі пайда болған. Оның мағынасы – төсегіш, ірге. Кейін келе мағынасы толығып, жер тағаны немесе іргетасы деген түсініктерді беретін болған. Жә, жоғарыдағы фундаментум, яғни осы күнгі батыс

Еуропа тілдеріндегі fundament (фундамент) пен онымен бір түбірден өндірілген фундаментализм сөзінің мағыналары тым алшақ.

Фундаментализм дегеніміз дүниежүзілік әдебиеттерде бірінші реті Америкада пайда болған діни-саяси термин. Мен осы мақаламда терминологиялық һәм этимологиялық анықтамалы екі беделді деректі алдарыңызға ұсынбақшымын. Біріншісі күллі әлемге әйгілі «Oxford Advanced Learners' Dictionary of Current English» (Бүгінгі ағылшын тілін кәміл үйренушілердің Оксфордтық Сөздігі) деп аталады. Менің қолымдағы нұсқасы Оксфорд университетінің баспасы тарапынан 1982 жылы он алтыншы рет басылғаны. Бұл құнды деректе фундаментализм былай деп түсіндірілген; «maintenance of the literal interpretation of the traditional beliefs of the Christian religion (such as the accuracy of everything in Bible)», яғни «христиан дінінің дәстүрлі сенім-нанымдарын үзілді-кесілді сақтау (мысалы, Библияда жазылған нәрселердің барлығының мүлтіксіз хақ екеніне сену)».

Жә, Америкада екі ғасырдан бері қарай жарияланып келе жатқан беделді «Webster's New World Dictionary of the American Language» (Американ тілінің Вебстер жаңа дүние сөздігі), 1986 жылғы басылымы. Мұнда фундаментализмнің екі мағынасы берілген; Яғни, Библияның мазмұнына сөзбе-сөз һәм мүлтіксіз сенуге негізделген және христиан руханияты мен иманының негізі болып есептелетін діни нанымдар.

Осы нанымдарға негізделіп, Америкадағы кейбір протестанттар тарапынан 20 ғасырда басталған қозғалыс. Жиһан ғалымдары дәріптеген осы екі беделді деректе мұсылмандарға жала болып жабылған фундаментализм сөзінің хақиқи мағналары көрсетілген. Демек, фундаментализм мұсылмандармен ешқандай қатынасы жоқ ұғым. Христиан әлемінің, әсіресе, солтүстік Америка мен батыс Еуропа христиандарының, өздеріндегі рухани шиеленістіктер мен қақтығыстар үшін тапқан атауларын, сондай нұқсандар мұсылмандарда да бар шығар-ау деп, жаңылыстықпен қолдануының салдарынан осы күні кенедей жабысқан, сүліктей сорған, осы мұхиттың аржағынан келген жаладан құтыла алмай жүрміз!

Фундаментализмнің отаны Американың Біріккен Мемлекеттері (АБД «АҚШ»). 1993 жылғы президент сайлауында Америкадағы фундаменталист ұйымдардың үлкен әсер тигізгені мәлім. Ал, олардың 1996 жылғы сайлауларға да күштірек қатысқаны байқалады. Алдымыздағы жылдары фундаменталисттердің Американың ішкі һәм сыртқы саясатында ықпалды орындарда болатыны шүбәсіз шындық.

Фундаментализм ХХ ғасырдың бас шенінде АБД-нің солтүстігінде пайда болған ағым. Ол 1950 жылдары оңтүстік аймақтарға дейін таралып кеткен. Бұл екі мыңнан астам шіркеу өздерін «Фундаменталист христиандармыз» деп әшкере жариялауымен жиһанға белгілі бола бастаған діни-экстремистік ағым. Жаппай қалаландыру һәм өнеркәсіптендіруден, сонымен қатар, шаруашылық тапшылықтардан әбден жаны қиналған кедей-жарлы һәм орташа ауқатты жүз мыңдаған христиандар азаттықты осы шіркеулерде іздеп, жиналған.

Фундаменталист шіркеулер жамағаттарды христиандықтың жоғарыда аталған

негіздеріне бағынуға шақырып, сондай жағдайда ғана кедейліктен, әлеуметтік қысымдар мен оның зардаптарынан құтылатмыз деп насихаттаған. Сүйтіп, үнемі өскен фундаменталист ұйымдар 1960 жылдары саяси қозғалыстарға айналады. Америкада сол жылдары фундаменталист болу үшін протестант мәзһәбінің бір тармағы пентекостал (Pentecostal) жолына кіру керек еді. Пентекостал тармағындағы протестанттар Киелі Рұхтың хауариларға (Апостолдарға) қонғанына сенеді һәм жексенбі күнін ерекше қасиеттеп өткізеді. Олар Киелі Рұхпен бүгінгі күнде де бірлесуге болады деп сенеді және Библияның сөздеріне, ешқандай тәфсірсіз, яғни, сөзбе-сөз иланады. Фундаменталисттер Библияның алғашқы бес кітабына аса мұқияттықпен, сөзбе-сөз иман етуді міндеттейді. Мысалы, Библияда, жер планетасы алты мың жыл бұрын жаратылды деп жазылған. Фундаменталисттердің сенімі бойынша, осы мәліметті қаз қалпында қабылдап, оған мүлтіксіз сену керек. Тағы да мысал келтіретұғын болсақ; Библияда жазылуына қарағанда, ұлық Тәңір бұл жиһанды алты күнде жаратып, шаршағандықтан жетінші күні дем алыпты-мыс. Міне, сол үшін олар жексенбі күндері дем алады екен. Фундаменталисттердің имандарындағы осындай кереғарлықтардың басқа да мысалдарын келтіруге болады.

Америкадағы фундаменталисттердің тұңғыш саяси дауы 1963 жылы басталған. Сол жылы Американың Жоғарғы Соты (American Supreme Court) мектептерде дін сабағының оқытылуына тиым салады. Фундаменталисттер Америкада жаңа бір дін таратылады деп, бұл қарарға қарсылық білдіреді. Олардың пікірінше, Америкада таратылатын жаңа діннің аты «дүниешіл гуманизм» (Secular Humanism) еді. Фундаменталист ұйымдар осы жаңа дінге қарсы айқасып келеді. 1973 жылы Жоғарғы Сот 46 уилаятта (штатта) ғамалия (аборт) арқалы жүкті әйелдердің бала алдыруына рұқсат етеді, сол себепті мемлекет пен фундаменталисттердің айқасы одан ары өршелене түседі. Басқа да христиан топтары фундаменталист болу үшін алдымен «діншіл» (Religionist) болу керек деп сенгендіктен, олар бір діннің діншіліміз деп фундаменталисттерді осы күрестерінде қолдауға ұйғарысады. Сондай-ақ, католик әлемінің Ватикандағы бас рұһбаны (Папа) өзінің үндеуінде; «дүниешіл гуманизм - христиандықтың ең үлкен жауы!» деп жариялайды.

Ал енді, Америкадағы ең белгілі фундаменталисттер жөнінде бір-екі ауыз сөз айтатұғын болсақ; 1993 жылғы сайлауда Джордж Бушқа «Христиандардың құқұқтары» (Christian Right) атындағы фундаменталистік ұйым болысқан. Бұл ұйымды католик фундаменталисттердің жетекшілерінен Патрик Ж. Буханан да қолдап, көмек беруде. Екінші үлкен фундаменталист ұйым Джерри Фальвелдің жетекшілігіндегі «Рухани көпшілік» (Moral Majority) қозғалысы. Үшінші орынды, «Теледидар рұһбаны» деп атағы шыққан Пат Робертсонға қарайтын «Христиан одағы» (Christian Coalition) ұстауда. Джерри Фальвелден бөлінген фундаменталисттер (іргешілдер) тарапынан құрылған «Христиан әрекеті желісі» (Christian Action Network) төртінші орынды иемденуде.

Осылардан кейін жүз мыңға жуық мүшесі бар екі қоғамды атауға болады. Бұлар - Луи Шелдонның жетекшілігіндегі «Дәстүрлі бағалар одағы» (Traditional Values Coalition) және

Лон Мабонның басқаруындағы «Азаматтар бірлігі» (Citizen Alliance). Сонымен қатар ғамалия арқалы бала алдыруға қарсы күресуші «Құтқару әрекеті» (Operation Rescue) атындағы ұйым да жоғарыда аталған іргешіл қозғалыстарға болысуда. Олар, тіпті, ғамалияларды жасайтын дәрігерлерді өлтіріп, ғамалиятханаларды (операционное) жарылғыш заттармен атқылауға дейін барған.

Бұларға қосымша ретінде, жиһанға аты әйгілі Американың «Time» (Тайм) апталығының 8 мамыр күнгі (1995 жылы) санында үлкен мақалаға тақырып болған, фундаменталистік көзқарастағы азаматтар тарапынан негізі қаланған «Отансүйерлердің жасақтары» атындағы белсенділердің заңнан тыс жасақтарын айтуға болады. Осы күнде, Американың Біріккен Мемлекеттеріне ең үлкен қауіп төндіріп отырған осы іргешіл, асырашыл топтар. Атақты басылым үлкен мақаланы «Мемлекеттің жаулары» (Enemies of State) деп атапты! Осы аса қауіпті ұйымдар қалың бұқараны қыру қимылдарына дейін барған. Мысалы, 1995 жылы Оклохама қаласындағы бала бақшаны бомбалап, жүздеген бейкүнә сәбилер мен азаматтардың қырылуына себеп болған осы жасақтанған топтар (Алайда, қылмыскерлер ұсталғанға дейін батыс баспасөзі тек мұсылмандарды айыптаумен шұғылданған). Тайм басылымы, осы заңнан тыс қарулы топтардың негізгі құрамын христиан фундаменталисттер, салықты сөгүшілер және Американың негізгі заңын қорғаушылар құрайды деп тағриф қылады.

1993 жылдың 19 сәуір күні Одақтық Тергеу Кеңесі (ФБР) Тексас уилаятындағы Вако қалашығындағы «Давидиан» фундаменталисттерінің диқаншылық базасына шабуыл жасағанда 80 іргешіл ұсталатындарын аңғарып өздерін өртеп өлтірген. Мемлекеттің бұл жойқын шабуылынан кейін іргешіл топтарды жақтаушылардың саны күрт көбейеді. Осы топтардың аймақтардағы бастықтарының көбінесе христиандық рұһбан қызметіндегі және ақ нәсілдің үстемдігін орнатқысы келетін фундаменталисттер екенін көреміз.

Мысалы, «Тайм» басылымының баяндауына қарағанда, «Христианның белгісі» (Christian Identity) атындағы топтың өкілдері, солтүстік Еуропалықтар Көне Өсиетте (Библия) аталған таңдаулы пенделер, ал, йаһудилер (жөһиттер) – шайтанның ұрпақтары деп сенеді. Мишиган аймағындағы қарулы топтардың жетекшісі Норман Олсон, баптист сектасының рұһбаны һәм қару-жарақ сататын дүкендер торабының иесі. Оның тобында он екі мың қарулы адам бар және олар БҰҰ, АБД-ін социалистік елге айландырғысы келеді деп сенеді. Тағы да осы аймақта фундаментализмді таратушы Марк Корнки «Дүниежүзілік христиан радиосы» (Worldwide Christian Radio) арқалы хабарлар таратуда. 1990 жылы Ирак көршісі Кувейтті жаулап алған соң, Американың Төрағасы Джордж Буш 11 қыркүйек күнгі арнауында (1990 жыл) «Біріккен Ұлттар Ұйымының жетекшілігінде жаңа жиһан низамын орнату керек» деген еді. Фундаменталист бағыттағы қарулы топтар бұл жүйені Американың билігін қолынан тартып алғысы келетін сионистік жоспар дейді. Мысалы, Солтүстік Каролайна аймағындағы «Конституцияға сәйкес мемлекеттің қайтадан қалпына келтірілуін жақтайтын азаматтар» (Citizens for Reinstatement of Constitutional Government) атындағы топтың негізгі ұраны; «Қасиетті Библияны және Ата Заңды Американың негізгі заңына айналдырамыз!» деп мәлімдейді Тайм апталығы.

Америкадағы экстремист ағымдар туралы толық бір кітап жазуға да болар еді! Бірақ бұл мақаланың мақсаты осы деректі мысалдар арқалы экстремизмнің шын мәнінде не екенін, қайдан шыққанын анықтаумен шектеледі. Аталмыш фундаменталист ұйымдар Америкада ғана емес, сонымен қатар, Канадада мен Еуропа елдерінде де ұйымдасқан түрде өсіп, өрбиде. Таяу уақыттарда осындай асырашыл топтардың кесірлі қылықтарына куә болуымыз әбден мүмкін.

5 ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, фундаментализм АБД-де және христиандықтан пайда болған. Мың төрт жүз жыл бойы жиһанды ғылымға, әділеттілікке, тазалыққа, имандылыққа, абзалдылыққа, өркениетке, адамшылыққа бөлеген хақ дін Исламға және оған иман етуші мүминдерге фундаменталист деген жаланы жабудың жалғыз ғана мақсаты – ең жылдам һәм өздігінен өсіп, таралып келе жатқан хақ дін Исламның алдын тосу, оған жүректері жібіп келе жатқан пенделерді, айнытудан.

6 ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Сыныптан тыс жұмыстар. Кезекті басылымдар
- Ұстаз жаршысы газеті
- Интернеттен мате

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.